

преимущества на этапе применения, повышает мотивацию учения, формирует операционный стиль мышления.

При условии систематического использования технологии «БиС» в учебном процессе в сочетании с традиционными методами обучения можно значительно повысить эффективность обучения. Планируя урок с применением новой технологии, я соблюдаю дидактические требования, в соответствии с которыми:

- Четко определяю педагогическую цель применения технологии в учебном процессе;
- Уточняю, где и когда, какую технологическую карту я буду использовать на уроке в контексте логики раскрытия учебного материала и своевременности предъявления конкретной учебной информации;
- Выбранное средство технологии согласовываю с другими техническими средствами обучения;
- Учитываю особенности класса, специфику учебного материала, характер объяснения нового материала; анализировать и обсуждать с классом главные вопросы изучаемого материала.

Список литературы:

1. Технологические карты. Вассерман Ф.Я. Методическое пособие для учителей. Технология управления качеством обучения. Алматы.Издательство НВЦ «Образовательный технопарк» 2016г.

2. Послание президента РК Назарбаева Н.А. народу Казахстана от 10 января 2018г «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции.»

ОҚУЛЫҚ МӘТІНІ ТӘРБИЕЛІК ФУНКЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Жұмағұлова Зәуре Әбдікеновна,
п.ғ.к., аға ғылыми қызметкер,
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА,
Астана қ.
Кучер Татьяна Павловна,
п.ғ.к., доцент
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ,
Петропавл қ.

Аннотация

Мақалада білім беру жүйесінде оқу құралдарының алатын орны туралы айтылған. Бүгінгі күнде оқу құралдарын дайындауда Ы.Алтынсариннің алға қойған ұстанымдарының қосымша мәтін мен жаттығулар арқылы жүзеге асырылуы көрсетілген.

Аннотация

В статье рассматривается место учебных пособий в системе образования. Отражены способы реализации идеи И.Алтынсарина по созданию учебных пособий для школ через дополнительные тексты и упражнения.

Abstract

The article considers place of learning tools in the system of education. There also have been showed using of Y.Altynsaryn's ideas in developing learning tools for schools through additional texts and exercises.

Түйінді сөздер: білім, тәрбие, оқулық, қосымша мәтін, жаттығулар..

Ключевые слова: знание, воспитание, учебник, дополнительный текст, упражнения.

Keywords: knowledge, education, book, additional text, exercises.

Кез-келген мемлекеттің болашағы, оның ғылымын, мәдениеті мен өнерін айқындайтын зияткерлік әлеуетті қалыптастыру міндеті ұлттық білім беру жүйесіне жүктеледі. Бұл тұрғыда қазақстандық ғылым, экономика және мәдениет табысты болуы бәсекеге қабілетті ғылымды, экономиканы және рухани құндылықтарды құра алатын жаңа буын мамандарын дайындауға байланысты. Білім берудің барлық деңгейлерін ғылыми-әдістемелік және техникалық қамтамасыз ету – оқытудың маңызды құралдарының бірі болып табылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің әзірлеу және жетілдірумен тығыз байланысты.

Мектепке арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу мәселесі қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннен бастау алады. Ыбырай Алтынсарин – XIX ғасырдың екінші жарытысында оқу-ағарту ісін жүзеге асырған тұңғыш халық ағартушысы – жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне айрықша көңіл бөлген. Ол алғашқы мектеп ашып, мектепте бастауышта берілетін білімнің бағыт-бағдарын айқындап, бастауыш мектепке қажетті оқу-құралдарын дайындады.

Ы.Алтынсарин мектепке арналған оқу-құралдарда енгізілетін шығармалар мазмұнын іріктеу барысында мәтінінің оқушылардың жас ерекшелігіне сай болу, яғни олардың түсінуіне жеңіл, тілі жатық болу; оқушыларды адалдық пен адамгершілікке, қайырымдылыққа, ұқыптылық пен тапқырлыққа, еңбекке тәрбиелеу; өз халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерін сыйлау мен дәріптеуге үйрету ұстанымдарын алға қойды. Ыбырай оқулыққа қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарады. Ол өз өлеңдерінде туған ел табиғатын жырлау арқылы балалар бойында табиғатты және Отанды сүю сезімдерін тәрбиелеу, жақсы мінез-құлыққа баулу, жақсы мен жаманды айқынырақ таныту мақсатын көздеді. Сонымен қатар Ыбырай мазмұны балалардың білімін көтеретін және оларды қызықтыратын кітаптарды басып шығару керек деп білді.

Бүгінгі күнде Ыбырайдың осы ұстанымдары мектеп оқулықтарын жазу кезінде негіз болуда. Оқулық компоненттері арасында ең үлкен үлес көлемін алатын мәтін негізгі және қосалқы болып бөлінетіні белгілі. Оқулықтың негізгі мәтіні міндетті түрде меңгеруге арналған оқу ақпаратының басты көзі болса, қосымша мәтін негізгі мәтінде берілген мазмұнды толықтыру және тереңдету қызметін атқарады. Оқулықтың тәрбиелік функциясын жүзеге асыруда ерекше рөлі қосымша мәтінге берілген. Қосымша мәтін арқылы оқулыққа тарихи фактілер мен оқиғалар туралы материалдар, тәрбиелік мәні бар ақпараттар қосуға болады.

Жалпы білім беретін мектепке арналған математика пәнінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын қосымша мәтіндер берілген. Осыған мысалдар келтірейік.

5-сыныпқа арналған «Математика» оқулығындағы (авторлары: А.Әбілқасымова, Т.Кучер, З.Жұмағұлова) «Натурал сандарды жазу» тақырыбында «Рим цифрлары» атты қосымша мәтін келтірілген. Осы мәтінді оқи отырып, оқушылар араб және рим цифрлары, рим цифрларын жазу ережелерін біледі. Сонымен қатар, бұл мәтінде тәрбиелік мәні бар тарихи мағлұмат келтірілген. Мәтіннің қысқаша үзіндісін келтірейік: «Мысалы, ежелгі қалалардың бірі – Бозақ қаласы. Оның орны 1999 жылы Астана қаласы маңынан табылған. Ежелгі қала орны Астана қаласынан 15 км жерде жатыр. Бозақ қаласының даму кезеңі VIII ғасырдың бас кезіне сәйкес келеді. Шарықтау шегі X–XI ғасырларға тұспа-тұс» [1, 8-б.].

6-сыныпқа арналған «Математика» оқулығындағы (авторлары: А.Әбілқасымова, Т.Кучер, З.Жұмағұлова) «Теңдеуді шешу» тақырыбында келесі қосымша мәтін келтірілген: «Ерте заманнан адамдардың өмір тәжірибесінде көптеген есептеулерді жүргізу қажет болды, атап айтқанда, тауардың құны, жер телімінің ауданы, фигуралардың көлемі, заттардың массасы және т.б. Әр елде әр уақытта адамдар

осындай математикалық есептеулер жүргізудің жалпы ережесі мен оны орындау тәсілдерін табуға тырысты. Мұндай ережелер белгілі шамалар арқылы белгісіз шаманы қалай табу керегін түсіндірді. Осылайша математикада теңдеулер пайда болды. 825 ж. Ортаазиялық ғалым Мұхаммед әл-Хорезм еңбегінде қосылғыштарды теңдіктің бір жағынан екінші жағына таңбасын өзгертіп ауыстыруды қарастырған» [3, 13-б.].

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған «Алгебра» оқулығында (авторлары: А.Әбілқасымова, В.Корчевский, З.Жұмағұлова) геометриялық прогрессия ұғымын беру барысында келесі қосымша мәтін келтірілген: «Шахмат ойынына ұқсас «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойынын қарастырайық. Ойын 20 ұяшығы бар тақтадан тұрады. Оның екі ұяшығы –қазандық ойынға қатыспай, тек тастарды жинау үшін қолданылады, ал тақтаның бүйір жақтарына көлемі қазандық ұяшығының көлемінен кіші, тоғыз ұяшықтан барлығы 18 ұяшық орналастырылады. Ойында 162 тас қолданылады [4, 93-б.].

Сонымен қатар, оқулықта берілетін жаттығулар мәтінінің де тәрбиелік мәні зор.

5-6 сыныптарға арналған «Математика» оқулығында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға арналған жаттығулар кірістірілген.

1. Алтын адам – тәуелсіз Қазақстанның еркіндік белгісі.

1) Алтын адам киімі алтын әшекеймен безендірілген. Олардың саны $2^2 \cdot 10^3$ көбейтіндісінің мәніне тең. Алтын адамның киімінде қанша алтын әшекей бар?

2) Алтын адамның баскиімінің биіктігі сантиметрмен алынған $5 \cdot (2^2 \cdot 3 + 1)$ өрнегінің мәніне тең. Баскиімнің биіктігін табыңдар.

3) Баскиім саны $2^3 \cdot 5^2$ өрнегінің мәнінен артық барыстың, арқардың, тауешкісінің, жылқының, құстың бейнелері салынған алтын заттармен әшекейлеген. Баскиімде қанша алтын зат бар? [3, 7-б.].

2. Ұлы Жібек жолындағы ең ежелгі қалалардың бірі Түркістан қаласында Қожа Ахмет Иасауи кесенесі орналасқан. Төмендегі өрнектердің мәндері кесене туралы мағлұматтар береді:

1) $39 + 0,8^2 + 0,6^2$ өрнегінің мәні метрмен алынған басты күмбездің сыртқы диаметрін;

2) $32 + 0,6^2 + 0,8^2 + 8$ өрнегінің мәні метрмен алынған кірпіштен салынған күмбездің ішкі диаметрін; $29,4375 + 0,75^2$ өрнегінің мәні кесенедегі бөлмелердің санын;

3) $72 + 0,3^2 + 0,4^2 + 10,75$ өрнегінің мәні ортаңғы залда орналасқан қоладан жасалған тайқазанға неше шелек су сыятынын; нөл мен ең кіші жай санның қосындысының мәні қазанның тоннамен алынған массасын береді [2, 8-б.].

3. Мәтінде кездесетін сандарды цифрмен жазыңдар.екі мың алтыншы жылдың қыркүйек айында Астана қаласында Бөбітшілік және келісім сарайы (халық арасында «Пирамида» деп аталған) ашылды. Бұл ғимараттың биіктігі – алпыс екі метр, яғни ол жиырма бес қабатты үйдің биіктігіне тең. Сарайда бір мың бес жүз адам сыятын Опера және балет театры, мұражай, кітапхана, көрме және концерт залдары орналасқан [1, 29-б.].

4. Келесі теңсіздіктер жүйесінің шешімі ғалымдар мен музыканттар туралы мағлұматтар береді:

1)
$$\begin{cases} 0,01x - 0,7 \leq 8, \\ 0,1x + 5 \leq 100 \end{cases}$$
 теңсіздіктер жүйесінің шешімі ұлы ғалым әл-Фарабидің өмір

сүрген уақытын береді. Ол 70 тілді меңгерген және 160-тан астам ғылыми еңбектер жазған.

$$2) \begin{cases} x \leq 2^6 \cdot 5^2 + 289, \\ x \geq 10^3 + 3^2 \cdot 2^2 \cdot 5^2 - 2 \cdot 5^3 + 191 \end{cases}, \text{ мұндағы } x \text{ — ағартушы-педагог Ыбырай}$$

Алтынсариннің өмір сүрген жылдарын береді;

$$3) \begin{cases} \frac{1}{3} \geq 635, \\ 0,1x + 1,9 \leq 2^4 \cdot 5^3 \end{cases} \text{ теңсіздіктер жүйесінің ұлттық музыканың классигі атанған,}$$

«Қыз Жібек», «Дударай», «Ер тарғын» операларының авторы Евгений Григорьевич Брусиловскийдің өмір сүрген уақытын көрсетеді [3, 69-70 б.б.].

5. $8 \cdot 91 + 34 \cdot 8 - 301 \cdot 3$ өрнегінің мәні Астана қаласындағы еліміздің егемендігіне арналып салынған «Байтерек» монументінің метрмен алынған биіктігіне, $4 \cdot 31 \cdot 25 - 3009$ өрнегінің мәні «Қазақ елі» монументінің метрмен алынған биіктігіне тең. «Байтерек» және «Қазақ елі» монументтерінің биіктіктерін табындар [3, 69-70 б.б.].

6. Берілген теңдеулерді шешіп, Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Марқакөл қорығы туралы мағлұматтар аласындар:

1) $x + 0,24 = 20 + 0,99x$ теңдеуінің түбірі қорықтың құрылған жылын;

2) $3y - 2(169,9 + y) = 150 - (y + 339,8)$ теңдеуінің түбірі қорықтың ауданын (мың гектар);

3) $50z + (z + 6,2) = 200$ теңдеуінің түбірі қорықтағы орманның ауданын (мың гектар) береді [3, 19-б.].

7. «Астана-арена» стадионы MMIX жылдың III шілдесінде ашылды. Дүниежүзінде алтыншы орында тұрған астаналық стадионның төбесі қозғалмалы және XX мин ішінде ашылып, жабылады. Алаңның өлшемі CVxLXVII м. Алаң биіктігі XL мм болатын шөппен жабылған. Амфитеатр түрінде жасалған XXX_m орын назар аудартқызады. Құрылыстың екі деңгейден тұратын стадионындағы төменгі деңгейде XV_m орын, ал орын жоғары деңгейде XIV_m бар. «Астана-арена» стадионының футбол алаңында MMXI жылдың XXX қаңтарында VII қысқы Азиада ойындарының салтанатты ашылуы өтті [2, 6-7 б.б.].

Оқулық мәтіндерінде өз мәдениетін тануға, ұлттық қадір-қасиетті тәрбиелеу және басқа да ұлттар мен ұлыстарды құрметтеуге бағытталған ұлттық материалды қолдану пәнге деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді, өйткені аймақтық, жергілікті материалда құрастырылған мәтіндер мен жаттығулар тәрбиелей отырып оқыту ұстанымын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә.Жұмағұлова. – 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2017. – 144 б., сур.

2. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә.Жұмағұлова. – 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б., сур.

3. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә.Жұмағұлова. – 2-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2015. – 184 б., сур.

4. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / А.Е. Әбілқасымова, В.Е. Корчевский, З.Ә.Жұмағұлова. – Өнд., толықтырылған. 3-бас. – Алматы: Мектеп, 2013. – 248 б.